

Газет Қазақстан Журналистика Академиясының “Алтын Жұлдыз”, Қазақстан Журналистер одағының Тұрар РЫСҚҰЛОВ және Саттар ЕРУБАЕВ атындағы сыйлықтарының, “Алтын жүрек” сыйлығының иегері

№31
/Сәрсенбі/
01 тамыз 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙГАК

МЕДИА




МАҚСАТ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ҚӨТЕРУ

Шымкент қаласының өкімдігі мен Астана қаласындағы Мемлекеттік қызмет саласындағы аймақтық хабтың басқару комитеті меморандум түзді. Осы құжат негизінде екі жақты әріптестік артып, мемлекеттік қызмет сапасын жогарғы деңгейге көтеру мақсат етіліп отыр. Меморандумга

леді. Біз мемлекеттік басқару саласын жетілдіруде ең алдымен халыққа жақын болуымыз қажет. Бізде қызмет істейтіндегі барлығы жастар. Олар оқуга, жұмыс істеуге дайын. Дүниежүзіндегі ең мықты сарапшыларды қаламызыда қарсы алып, семинарлар өткізуге дайынбыз. Оның пайдалы

ді шетелдердің озық тәжірибелерін сол жерге барып үйренуге немесе халықаралық сарапшыларды қаламызға шақыруға мүмкіндік жасалмақ.

– Шымкент – қазақ мәдениетінде, қазақ қоғамында әрдайым өзіндік орны бар, ерекше қала. Елбасының қалага үшінші мегаполис



Шымкент қаласының өкімі Габидолла Әбдірахымов пен өнірлік хабтың басқару комитетінің төрагасы Әлихан Бейменов қол қойды.

Меморандум аясында екі тарап өзара тәжірибе алмасып, ынтымақтастық аясында іс-шаралар мен бағдарламалар үшін ұсыныс жасай алады. Ұған қоса бірлескен гылыми-зерттеу шаралары үйімдастырылып, іс-шаралар жоспары түзіледі.

– Шымкент қаласындағы мемлекеттік қызмет саласындағы реформалар үлкен қадаммен алға басады деп ойлаймын. Сондықтан, бүкіл әріптестер атынан, мемлекеттік қызметкерлер атынан алғыс білдіргім ке-

жақтары өте көп. Біздің маңдарымыз, басшыларымыз, жәй мамандарымыз міндеттер жүктейді. Елбасы шетел тәжірибелерін көріп келсе, біздің жұмысымызға жету – абыройлы міндет. Біз бұл істе сіздерге жанашырмыз. Бұл бағытта хабын мүмкіндігін тольғы пайдалануга мүмкіндіктепіріз бар. Жауапты сөтте баршаңызға табыс тілеймін, - деді Ә.Бейменов.


Мемлекеттік қызметкерлер үшін ең бағыты – елең қызмет ету. Шымкент қаласында 700-ден астам мемлекеттік қызметкер бар. Сонымен қатар 15 мыңдан астам мұғалім, 2000 мыңдан астам полиция қызметкері жұмыс істейді.

Өнірлік хабтың басқару комитетінің төрагасы Ә.Бейменов төзімдегі жаңа міндеттерге байланысты екі жақты әріптестікті дамытуға үеде берді. Яғни алдагы уақытта, мемлекеттік қызметшілер

мөртебесін беру шешімі сөзсіз баршаңызға жаңа міндеттер жүктейді. Елбасы шетел тәжірибелерін көріп келсе, біздің жұмысымызға жету – абыройлы міндет. Біз бұл істе сіздерге жанашырмыз. Бұл бағытта хабын мүмкіндігін тольғы пайдалануга мүмкіндіктепіріз бар. Жауапты сөтте баршаңызға табыс тілеймін, - деді Ә.Бейменов.

Елбасының тікелей қолдауымен құрылған Астана өнірлік хабы – бүгінде 40 мемлекет қатысып отырган үлкен халықаралық үйім. Енді екі жақты түзілген меморандумға сәйкес, шаһарда алдагы уақытта семинарлар өткізу қолға алынбақ.

Шолушы.



Ақорда:

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АТЫНА КЕЛІП ТҮСКЕН ҚҰТТЫҚТАУЛАРДАН ҮЗІНДІ

Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Астананың 20 жылдық мерейтойна және тұган күніне орай шетел үкіметтері мен мемлекеттері басшыларынан, өкілетті органдар депутаттарынан, халықаралық үйімдардың, қазақстандық және шетелдік мемлекеттік органдардың жетекшілерінен, дипломатиялық миссиялардың, қоғамдық және коммерциялық үйімдардың басшыларынан, дін, шығармашылық және гылыми зияны қауым өкілдерінен, еңбек үжымдары мен жүртшылық өкілдерінен қөптеген құттықтаулар келіп түсті, деп хабарлайды ҚР Президентінің баспасөз қызметі.

Келіп түсken қөптеген құттықтау жеделхаттарында Елбасының тәуелсіз Қазақстанды дамыту, елорданы салу ісіндегі еңбегі жоғары бағаланады.

Мемлекет басшысына осындағы ізгі тілектерін білдіргендегер қатарында Халық Қаһарманы, армия генералы М.Алтынбаев, Қазақстанның Еңбек Ерлері Ж.Үшкемпіров пен А.Миразова, Социалистік Еңбек Ері С.Жұмабекова, Социалистік Еңбек Ері К.Дөненбаеваның отбасы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Бейітшілік және Прогресс мемлекеттік сыйлығының лауреаты С.Жиенбаев, Қазақстанның халық әртістері Е.Хасанғалиев пен Н.Нұспіжанов, мемлекет және қоғам қайраткерлері М.Жолдасбеков, Ш.Құлмаханов, Т.Сауранбеков, «Қазақстан жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі басқармасының төрагасы Ү.Есдөulet, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, акын Р.Балабиев пен жазушы Ж.Ергалиев, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Т.Мұхамеджанов, «МИР» МТРК басқарма төрагасы Р.Батыршин, «Айғақ» телерадиокомпаниясының басшысы Д.Әбіш, «Төуелсіздік Тұғыры.kz» қоғамдық-саяси журналы бас редакторының міндеттін атқарушы Ж.Мұсабай, Қазақстан журналистер одағының мүшесі С.Жұмабай, «ТАСС» акпарат агенттігінің бас директоры С.Михайллов, болгарлық музиканттар А.Симеонов пен Р.Наков және басқа да азаматтар бар.

Ақорда.



“ЖЫЛАҒАН АТА” БҰЛАФЫ
МЕН ҮҢГІРІ - ЕЛІМІЗДІҢ
ЕРЕКШЕ БАҒАЛАНАТЫН ...

8
-БЕТ



202 МЫҢ ШАРШЫ МЕТР ТҮРГЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРИЛДІ

Бұл-Елбасы Н.Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік жағдайында да-мудың жаңа мүмкіндіктері” атты Қазақстан халқына Жолдауында: “Фи-мараттардың сапасына, экологиялық тазалығына жөне энергиялық тиімділігіне жоғары талап қою қажет”-деген тапсырмасының орындалу барысын көрсетіп отыр.

Ал, Түркістан облысының республикадағы ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің үлесі - 14,6 пайызды құрап, еліміз бойынша 2-орынды иемденіп отыр. Сондай-ақ, республикадағы өнеркәсіп өнімі көлеміндегі үлесі бойынша облыс 14-ші орынға тұрақта, көрсеткіш 1,6 пайызы

Түркістан облысында ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында пайдалануға берілген түргын үйдің жалпы алаңы - 202 мың шаршы метрді құрады.

Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 30 пайызға артты деген сөз. Түргын үйлердің сапасына да аса мән берілуде. Бұл туралы Түркістан облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Статистика департаментінің басшысы Айдар Эбілдәбеков мәлімдеді.



кураган.

«Түркістан облысы бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 6 ай қорытындысымен 147 млрд. 148 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 4,3 пайызға артты. Оның ішінде мал шаруашылығы – 128 млрд. 275 млн. теңге болып 4,7 пайызға өскен», - деді Айдар Ахметбекұлы.

Өтірде жұмыс істеп түрган шағын және орта

кәсіпкерлік субъекттерінің саны 2018 жылдың 1 шілдесінде 126 975 бірлікті құрап, 2017 жылдың тиісті кезеңінде деңгейде 2,7 пайызға жоғары болып отыр. Еліміз бойынша жұмыс істейтін субъекттердің 10,6 пайызы Түркістан облысына тиесілі. Ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында, шағын және орта кәсіпкерлік субъекттерінің өнім шыгарылымы - 52 млрд.



ШАЛГАЙ ЕЛДІМЕКЕНДЕРДЕ “АҚЫЛДЫ” ЖАРЫҚШАМДАР ІСКЕ ҚОСЫЛА БАСТАДЫ

Түркістан облысындағы Бейдібек ауданындағы бағаналар орнатылыш, көшелері жарықтандырылған елдімекендер саны артып келеді. Бүгінде ондагы Борлысай ауылдың округтегі қарасты Ақтас, Кошқарата және Кеңсай елді мекендерінің көше шамдары жарықрап, түн көрінісі тиісті талаптарға сойкестендірілді.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа багдар, рухани жаңғыру» бағдарламалық макаласы бойынша «Тұган жер» бағдарламасының аясында қолға алынған шарага бастамашы болған -бейдібектік

азамат. Көсіпкер үш ауылдың бойын жалғайтын ұзындығы 14 шақырымнан астам жолға 438 бағана орнатып, жарықшамдарын қосып берді.

Осынау қуанышты жағдайға қатысқан облыс өкімінің орынбасары Ұласбек Сәдібеков құттықтау сөз сөйлеп, басқа қалада жүрсе де тұган жерін ұмытпай Борлысай ауылдың округінің өлеуетін көтеруге өз үлесін қосып жүрген көсіпкерге облыс өкімінің Алғыс хатын табыс етіп, иығына шапан жапты.

Ауыл түргындарының атынан

сөз алған Кошқарата ауылдың би, ардагер - үстаз Е.Қырықбаев Оралбек Қожамжарұлына ауыл түргындарының алғысын жеткізді.

Бұған дейін де жерлестерін түрлі іті өстерімен қуаныштың жүрген меценат алдагы уақытта да тұған жері - Бейдібектің көркейтіп, дамытуда аяңбайтын жеткізді.

Жарық шамдарының жалпы құны - 245 млн теңге. Ең бастысында шамдары 14 функцияның катар атқара алады. Мәселен, үялды телефондың қуаттау, wi-fi тарату, көшедегі көлік қозғалысын



бейнебақылауга түсіру және т.б. сыйндық қызметтері бар. Сондай-ақ, тагы бір ерекшелік – бұл көше шамдары қарангырылған жарықты автоматты тұрдегі сезініп, күнрайына қарай қуат беру мөлшерін өздігінен реттеп отырады. Нәтижесінде 75% энергия қуаты үнемделетін болады.

Көсіпкердің демеушілігі ары қарай жалғасу үстінде. Дәл қазіргі заманғы туристік бағыттарды бірлесіп дамыту мүмкіндіктері қаралып, соның ішінде Жібек Жолындағы аралас турлар болынша презентациялар ұсынылды. Бұдан бөлек, туристік компаниялар, қонақ үйлер мен медициналық мекемелердің өкілдері арасында «B2B» кездесулер өтті.

КӨРШІЛЕС ЕКІ ЕЛДЕ ОРТАҚ ТУРИСТИК БАФДАР БОЛАДЫ

Түркістан мен Ташкент облыстары ортақ туристік бағдар құрмак. Екі көне шаһардың арасында саяхатшыларды тасымалдайтын Түркістан-Ташкент, Ташкент-Түркістан туристік автобус бағыттары ашылып, екі елдің туроператорлары Халықаралық көрмелерде бір стендте бірлесіп қатысады болады. Мұндаидегі «Ottostik Tourism Center» Туристік Ақпараттық орталығы Ташкент қаласында үйімдастырылған «Жібек Жолындағы туризм – WorkShop» іш-шарасы аясында қол жеткізілді.

Аталған іш-шараса Түркістан облысы өкімінің орынбасары Е.Тасжүреков бастаған делегация мен Өзбекстан Республикасындағы Туризм жөніндегі мемлекеттік комитеттің басшылығы және бауырлас екі елден 60-қа жуық туристік фирмалар қатысты.

Жынын барысында Қазақстан мен Өзбекстанның туристік өлеуеті мен жаңа жағдайлардың көзінде 16 экспозиция ұсынылды, фотосувертерде көркітілген нысандар мен табигаты өсем жерлер, қазақ халқының өдөт-гүрьшілтері мен ойындары бейнеленген. Бұл-көршілес өрі бауырлас екі ел арасындағы қарым-қатынастың нәтижесінде өмірге келген көріністер ынтымақтастықтың нықтап, достық беріктікіті айқындағы түседі.

Көрші елдердің өсіреле жиегінде зиярат,

Бетті дайындаған: Ш.ДӘНЕЕВА.

Баршаңызга белгілі,
жақында Шымкент рес-
публикалық маңызы бар
каланың мәртебесін ал-
ды, ал Түркістан облыс-
тық орталыққа айналды.

Осыған байланысты
автокөлік құралдарын
рәсімдеу кезінде өзге-
рістер орын алды. Енді
Шымкент қаласының
турғындарына «17» сандық
нөмірлі белгілер шығарылатын болады.
Бұл белгідегі нөмірлерді
бүгінде 40 шақты адам
иеленіп үлгерді. Ал
бұдан былай жүргізуі
куәліктеріне «Y» литері
басылатын болды.

Ал, Түркістан облы-
сында автокөлік
жүргізуішілер үшін «13»
сандық нөмірі өзгеріссіз
қалады. Айта кетейік,
«Автокөлік құралдарын
тіркеу» мемлекеттік
көрсетілетін қызы-
меттердің стандартына

ШЫМКЕНТТЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХҚО-ДА «17» САНДЫҚ НӨМІРЛІ БЕЛГІЛЕРІ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ

**«17» сандық белгілік нөмірдің алғашқы
иелерінің бірі Шымкент қаласының түр-
ғыны Элия Оңалбек болды. Бүгін ол өзі-
нің автокөлігін мамандандырылған ХҚО-
да рәсімдеді, деп хабарлайды Шымкент
қалалық әкімдігінің баспасөз қызметі.**

сәйкес, Шымкенттің қоса
алғанда, басқа аймақтар-
да да өзгеріс болмайды.

Түркістан облысының
турғындарының сезіне
қарапанда, Шымкенттің

8 ХҚО-гын есепке алған-
да, мемлекеттік корпора-
цияның 25 фронт-офисі
қызмет көрсетеді. Со-
лардың бірі – автокөлік
құралдарын тіркеу жөне

жүргізуіші куәлігін беру
мемлекеттік қызмет
турлерін көрсететін
мамандандырылған ХҚО.
Сондағай-ақ, мамандандырылған ХҚО
ғимаратында қажет-
тілігіне қарай, жүргізуіші
куәлігін алу үшін нарко-
лог, психиатр анықтама-
ларын алып, медицина-
лық тексеруден өте ала-
ды. Одан білең, авто-
жүргізуішілер көліктерін
Түркістан жөнене Сайрам
аудандарындағы маман-
дандастырылған ХҚО сек-



торы арқылы тіркеуге
болады.

Шымкенттегі мамандандырылған ХҚО арқылы
жыл басынан бері 25 мыңнан астам жүр-
гізуіші куәлігі беріліп, 130 мыңнан астам авto-
көлік тіркелген.

Ал, жуырда Шымкентте
777 GGG 17 автокөлік
номері сатылды, - деп

хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі. VIP-номер
иесінің кім екені белгісіз, бірақ мұндай номермен
тагы бес көлік жүретін болады. Номері үш жетіден
және серияларының әріптегі бірдей номерлер
сатылды. Мұндай номерлердің құны шамамен
- 700 мың теңге.
Ж.САҒЫНДЫҚОВ.



ҚАЗАҚ ҚОСЕМІ, ҚАДІРЛІ АҚСАҚАЛ ЕДІ...

Шеризат Догру дың табигаты
өсем Ниф тауының баурайындағы
жап-жасыл жайылынға, Кемеллашада негізін қалаған
аядай ауылға «Алаш қазақ жайлауы»-деген ат беріп, еңбектің
көрігін қыздырган жылдары
алыс-жақын шетелдегі қандастар
құлақтанып, сырттай ізгі
тілек білдіріп жатты...

Ойды-ой қозгайды. Осыдан
табаны күректей 5 жыл бұрын
шырайлы Оңтүстіктен шыққан
делегация құрамында облыстық мәслихаттың депутаттары
да бар болатын. Олар
Түркіяның ең өсем қалаларының бірі-Измирдегі қазақ мәдени орталығының салттанатты ашылуына қатысты. Салтанатты жиынға Түркія Республикасындағы Қазақстанның Төтеншеш жөнене өкілдегі елшісі, бүтінгі таңда жаңадан іргесін қалаған Түркістан

облысының тұңғыш өкімі Жансейіт Түймебаевтың арнағы келіп қатысуы-алыстан аттерлетіп келген жерлестерінің мәртебесін өсірген еді. Облыстық мәслихаттың депутаттары жөне басқа да делегация мүшелері осы сапар барысында қандасымыз, тау баурайын қаншама жылдар бойы қазақ жайлауына айналдырып, қымыз сапырып, саумалмен емделушілердің алғысина бөленген Шеризат Догру ақсақалмен жүздесіп, ол кісінің өзі құрган қазақтың аппақ киіз үйінің ішінде отырып, сары қымыздан дәм татқан еді... Депутаттар абыз ақсақалдың осы салада жинақтаған істөжірибесімен танысқан сөтте, қазақтың «Қалауын тапса, қар жанатының» іс жүзінде дәлелдеп отырғанының күесі болғаны бар.

Сол жолы Шеризат Догру Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен жүздесіп, Қошбасының 2001 жылғы желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10-жыл» мерекелік медалімен наградталғанын қуана жеткізген еді... Елбасының елеп-ескеруі Шеризат Догрудың еңбекке деген белсенділігін арттырған. Иә, еңбек ескеруіз қалмайды.

2012 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет жөне ақпарат министрлігінің министрі Дархан Мыңбайдың қолынан Дүниежүзі қазақтары қауымдастырылған 20 жылдығы мәртейтіна орай және үлттық салт-дәстүрді насиҳаттауга, тіл, дін, мәдениетті дамытуға ерекше үлес қосқаны үшін Құрмет грамотасын алған.



Суретте: Шеризат ақсақалдың жеке архивінен

Сонда жырақта жүрсе де ең-
бегін ескеріп, құрмет көрсет-
кен бауырластарына ризашы-
лық танытқан.

Ал, Түркія Республикасының Қазақстанның Төтеншеш жөнене өкілдегі елшісі Жансейіт Түймебаевтың Анкара қаласында өткен салтанатты жиында Шеризат Догрудың табандылығының, еңбексүйгіштігін, жастанға беріп журғен төлімдік тәрбиесіне деген ризалығының марапат қағазы арқылы білдіргені жаңын жа-
дышратқан.

Мұндай марапатты Түркі елі тараپынан да бірнеше рет алған қазақ қосемі екі елдің арасын жібек жіппен жалғаган азамат еді. Ол Түркі елінде іссапармен болған қандастарына алда өлі талай асулады алатынын, оған мүмкіндігі жететінін, Алла жазса, қымыздың даңқын өлемге таныта беретінін айтқан болатын. 85 жастағы асыл азаматтың елім, жерім деп соқкан жүргегі мәңгілікке тоқтады... Осы уақытқа дейін жеткен жетістігі, еңбектегі жеңісі, жарқын бейнесі ел есінде қалары анық. Өйткені, Шеризат Догрудың қос елдің арасына алтын көпір салған ақының азамат еді.

Алаштың ардактысы болған Шеризат Догрудың жатқан жері жайлары, топырагы торқа, жаңын жәнннатта болсын!

Көңіл айтушылар:
облыстық
мәслихаттың
депутаттары:
Д.Әбіш, Ә.Исабаев,
Ә.Қайынбеков,
Т.Баймаханов,
С.Қуашбаев, Т.Қылышбек.

Мұндай шешім өткен аптада Түркістан облысында өткен облыстық мәслихаттың сессиясында қабылданды. Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XXVIII сессиясында мәлім болғандай, Түркістан қаласындағы 721745 га аумақжер, яғни, 12 ауылдық округ Кентау қаласының аумағына өтетін болды. Мәслихат депутаттарының бірауыздан қолдауына ие болған күн төртіндегі бірінші мәселе жайлыш ойын білдірген өңір басшысы Жансейіт Тұймебаев барша облыс жұртшылығын қос шаһардың дамып, өркендедіне бір кісідей атсалысуга шақырды.

“Түркістан қаласы облыс орталығына айналуына орай, Кентау қаласының шекарасы өзгеретін болды. Мұндай шешім екі қаланың тиісті деңгейде дамуы үшін жасалып, барлық мемлекеттік органдармен мақұлданды. Сонымен бірге,

ТҮРКІСТАНДАҒЫ 12 АУЫЛДЫҚ ОКРУГ КЕНТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНА ӨТЕДІ



халық қалаулыларының келісімі нәтижесінде қабылданып отыр. Сондықтан, облыс тұрғындарын Түркістан қаласы мен кеңейген Кентауды көркейтуге бірге атсалысуга шакырамын”, - деді Ж.Тұймебаев.

Сессия отырысында, мұнан бөлек, «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу жайы мен «Облыстық бюджет және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансфертердің көлемі туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі қаралып, депутаттар тарарапынан тиісті шешімдер қабылданды. Сондай-ақ, Түркістан облыстық мәслихаты аппаратының құрылымы мәселесі де күн төртінен тыс қалған жоқ.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА СЫРТҚЫ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ ҰЛГАЙҒАН

Откен аптада Түркістан қаласындағы Қ.А.Яссайи атындағы ХҚТУ-де Түркістан облысының әкімі Жансейіт Тұймебаевтың төрагалығымен жиын өтті. Мәжілісте Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Элібек Тілегенов алғашқы жартыжылдықты қорытындылаш баяндама жасады.

Оның айтудың негізінде, «көлеңкелі экономикамен» күресуде нәтижелі жұмыс бар. Ағымдағы жылдың алғашқы 6 айы бойынша мемлекеттік бюджет жоспары 103% орындалып, нақты 151 млрд. теңге өндірілген. Облыстың сыртқы сауда айналымы 1 млрд. 249 млн. АҚШ долларын құрап, откен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, тауар айналымы 322 млн. АҚШ долларына немесе 35 пайызға ұлғайған. Жергілікті атқарушы және құзіретті органдармен бірлесе атқарған жұмыстардың нәтижесінде жыл басынан бюджетке қосымша анықталған ішкі резервтер есебінен жалпы 13,2 млрд. теңге өндірілді. Сондай-ақ, департамент басшысы Э.Тілегенов косымша кіріс көздерін анықтау жұмыстары жүргізілсе, оның 40-ы электронды түрде көрсетіледі. Мамандар «Бір терезе» қағидасы арқылы халыққа жылдам жағдайымен танысты.

Салтанатты түрделента қию рәсімінен соң, қатысушылар гимаратта орналасқан өкілдіктердің жағдайымен танысты. Еске сала кетейік, жалпы Түркістан облысы бойынша Шымкент қаласында орналасқан 30 аумақтық мемлекеттік орган бар болса, келесі айдың ішінде олардың барлығы осында Түркістан қаласына көшпек. Ал әкімдікке қарасты облыстық 24 басқарма да келесі айда толығымен көшпіп, жаңа облыс орталығында өз жұмыстарын бастамақ.



сарайларынан кемпіліктер анықталып отыр. Ирі демалыс орындары да заңнан аттап өтіп, небір қулықтарға барып жатыр. Аудан, қалалар аумағында жергілікті бюджет есебінен жаңартылған немесе жаңадан тартылған газ, су желілерінің уақытының тиісті шаруашылық субъектілерінің баланстарына өткізілмеу салдарынан да мүлік және жер салықтарын жогалтуда. Осы және өзге де жұмыстарды баяндаған департамент басынан заңдықтармен сыйкес төлеп, жана шырлық танытулары тиіс. Мысалы, облыстағы 190 қонақ үйден небері 68 млн. теңге салық түссе, 436 қесіпкер салықты жасырып отыр. Өнір тұрғындарының көлік салығынан қарызы 1 млрд. теңгеге жеткен. Бұл – ойланарлық жағдай. Департамент басшысы көптеген мәселелерді атап өтті. Олардың бәрін бақылауда үстап, жұмысты ширатқан жөн, – деді Жансейіт Тұймебаев.

Облыс әкімі Жансейіт Тұймебаев салық және бюджетке түсетін басқа да төлемдердің мемлекет бюджетіне толық және уақытылы түсү мемлекеттің әлеуметтік жағдайын жақсартуда маңызы жогары екенін айтты. Салықты уақыты

Бетті дайындаған: Эйгерім АМАНХАНҚЫЗЫ.



АЛҒАШҚЫ КӨШ КЕЛДІ

Шымкент қаласында орналасқан аумақтық органдардың бірі - Мемлекеттік кірістер департаменті облыс орталығы Түркістан қаласына алғашқылардың бірі болып көшті бастады. Яғни, Түркістан қаласында бүгін ҚР Қаржы министрлігіне қарасты аумақтық органдарының өкілдігі ашылды.

Ашылу салтанатына Түркістан облысының әкімі Ж.Тұймебаев, ҚР Қаржы министрлігінің жаупарты хатшысы Б.Тортаев, Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ә.Тілегенов пен қала әкімі Ә.Ф.Сербаев қатысты.

Салтанатты жиналысты облыс әкімі алғы сөзімен ашып, Елбасы Жарлығымен облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің об-

лыстық органдарының өкілділігін жаңа облыс орталығында ашудың негізгі маңызы - мемлекеттік органдарды гимараттармен қамтамасыз ету, орналастыру және көшпіл келетін қызметкерлерге әлеуметтік жағдай жасауды үйлестіру жұмыстарын жүргізу екендігіне тоқталды.

Салтанатты түрделента қию рәсімінен соң, қатысушылар гимаратта орналасқан 30 аумақтық мемлекеттік орган бар болса, келесі айдың ішінде олардың

барлығы осында Түркістан қаласына көшпек. Ал әкімдікке қарасты облыстық 24 басқарма да келесі айда толығымен көшпіп, жаңа облыс орталығында өз жұмыстарын бастамақ.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР ОНЛАЙН ТӘРТІПТЕ ҚАРАЛУДА

Сот жүйесін дамытудың жеті басым бағдарламасында көзделген сот жүйесінде инновациялық технологияларды қолданып, цифирландыру өз нәтижесін беріп, тиімділігін күнделікті дәлелдеуде.

Түркістан облыстық мамандандырылған ауданараптық экономикалық соты мен Мемлекеттік кірістер департаменті арасында келісім жасалынып, іске қатысушы тұлғалардың уақыты мен қаражатын үнемдеу және істерді қараша мерзімдерін жеделдету мақсатында заңды тұлғаларды мәжбүрлі түрде таратуға қатысты азаматтық істерді қарауды «Электронды түрде» жүзеге асырып, онлайн тәртібінде жүргізу қолға алынған. Яғни, тараптар ұялы телефономен бейнебайланыс арқылы сот отырысына қашықтан қатыса алады.

Бұл бастама оң нәтиже беріп, қазіргі таңда облыстық мамандандырылған ауданараптық экономикалық соты 30-дан астам азаматтық істі онлайн режимде қараган.

Тараптардың өкілдері үнемделген уақыттары үшін ризашылығын білдіруде.

Зейнетақымен қамсыздандыру заңнамасына енгізілген жаңа өзгерістер қазақстандықтарды пәтер немесе көлік сынды жеке мүлкіті сатудан түскен кірісінің 10 пайзызын БЗЖК-га беруге міндеттеді. Бұл туралы Uchet.kz порталы хабарлады. 2018 жылы 14 шілдеде 2018 жылы 2-шілдеде шыққан № 165-VI заңы күшіне енді, ол “Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы” заңына өзгеріс енгізілді. Өзгеріске сәйкес, 2018 жылдың 14 шілдесінен бастап азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша табыс тапқан жеке тұлға кірісінің 10 пайзызына тең зейнетақы жарнасын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлеуге міндетті, бірақ жарна айлық есептік көрсеткіштің 10 пайзызынан төмөн (2018 жылы АЕК - 28 284 теңге) және 75-еселенген АЕК-тің 10 пайзызынан жогары болмауы тиіс. Осы заңға сәйкес 39-баптың 2-бөлігі алынып тасталды. “Көріп отырганымыздың, заң шыгарушылар шектеуді алып тастады, онда келісімшарттың мәні нақты жазылған болатын. Енді біз барлық азаматтық-құқықтық мәндегі келісімшарт бойынша 10 пайыз төлеуі міз керек”, - деп жазды портал авторлары. Сонымен қатар, ҚР азаматтық заңнамасында “азаматтық-құқықтық келісімшарт” деген ұғымға нақты анықтама берілмеген. Бұл ұғымға ең жақыны “Азаматтық-құқықтық қарым-қатынастар”, ол ҚР Азаматтық кодексінің 1-бөлігіндегі жазылған. “Демек, келісімшарттардың басым бөлігін азаматтық-құқықтық қарым-қатынасқа жатқызуға болады. Оның ішінде сатып алу-сату келісімшарты және бөлшектеп сатып алу-сату бар. Бөлшектеп сатып алу-сату келісімшарты бойынша, көсіпкерлік қызметті жүзеге асырып отырган сатушы тауарды сату кезінде сатып алушыға тауарды беруге міндеттеледі, әдетте олар жеке қолданысқа, отбасына, үйге немесе өзге де



БАС ПРОКУРОР ЖӘБІРЛЕНУШЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ҚОРЫНА ӨНДІРІП АЛУЛАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ БЕРДІ

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры жәбірленушілердің өтемақы қорына төлеуді қамтамасыз ету туралы тапсырма берді, делінген қадағалау органдың веб-сайтында.

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» қаңтардагы Заңның нормалары қылмыстық құқық бұзушылық жасауга кінәлі адамдардан мәжбүрлі төлемдерді өндіріп алу болғанда 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Қазақстанда алғаш рет жәбірленушілерге қажетті материалдық көмекті жылдам көрсетуге бағытталған институт құрылды.

Кордан өтемақы төлеу біржолты қаржылық төлем түрінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жәбірленушінің одан өрі толық шығындың кінәлі адамнан өндіріп алу мүмкіндік сақталады.

Дүниежүзілік тәжірибелеге және Зиянды өндіріп алу туралы Еуропа конвенциясына сәйкес өтемақы зорлық-зомбылық қылмыстарының құрбандарына төленеді.

Өтемақы:

- жыныстық зорлық-зомбы-

лық құрбаны болған кәмелетке толмағандарға;

- адам саудасы және азаптау-

лар құрбаны болғандарға;

- денсаулығына ауыр зиян келтірілген немесе АИТВ/ЖИТС жүккөтірган адамдарға;

- жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, оның заңды өкілде-

ріне тағайындалады.

Тізімге Қылмыстық кодекстің 46 бабы бойынша 124 қылмыс кұрамы енгізілген.

Қылмыс салдарынан материалдық зардап шеккен және ашылмаган қылмыстар бойынша немесе кінәлі тұлға сот төрелгінен жасырынып жүрген жағдайда, келтірілген зиянды өндіріп ала алмаган адамдарға қолдаурутінде өтемақы беріледі.

Заң бойынша қаржат Қорда екі жыл бойы, яғни 2020 жылдың 1 шілдесіне дейін жинақталады және ол өтемақыны одан өрі төлеу үшін қажетті қаржатты жинауға көмектеседі.

Кордагы түсімнің негізі көзі – сottтың айшыптау үкім шыққан кінәлі тұлғалардан күштеп өндірілген қаржат.

Бұл тұрғыда, биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап жасалған барлық қылмыстар бойынша

Корға өндіріп алулар басталады.

Мәжбүрлі төлемдердің сомасы қылмыстың ауырлығына қарай 5-тен 30-ға дейінгі айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Қорды толықтырудың басқа көздеріне процестік бұзушылықтар үшін сот салған өндіріп алулар, сондай-ақ түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеп жүрген сottталышылардан ұсталиятин сомалар жатады.

Қорға жыл сайын 1 млрд. теңgedен астам түседі деп болғаннанда.

2018 жылы 26 шілде күні Бас Прокурор бұл мақсатты орындау үшін барлық қылмыстық кудалау органдарына Заң талаптары бойынша Корға қаржат өндіруді мүлтікіз орындау туралы арнағай нұсқа жолдады.

Барлық аумақтық прокурорларға сottталған тұлғаларға көзделген өндіріп алу шараларын қабылдау туралы мәселелерді шешу кезінде сottтармен заңдылықты қамтамасыз ету тапсырылды.

Бас прокуратура Қордың қаржатын қалыптастыру және пайдалану мәселесін тұрақты бақылауында үстайды.


ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ПӘТЕР, КӨЛІК САТУДАН ТҮСКЕН АҚШАСЫНАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНА ЖАРНА АУДАРУҒА МІНДЕТТЕЛДІ



мақсатта қолданылатын заттар болады, олардың көсіпкерлікке қатысы жоқ. Қорыта келгенде, 2018 жылдың 14 шілдесінен бастап қазақстандықтарды пәтер немесе көлік сынды жеке мүлкін сату кезінде зейнетақы қорына жарна төлеуі тиіс деуге болады”, - деген қорытынды жасады Uchet.kz порталы.

Ал алтандық алғашқы күні атальмыш мәселе бойынша Вице-министр зандағы өзгерістерді түсіндірді. Яғни, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова зейнетақы аударымдарының барлығы азаматтардың табысынан түскен кіріснен гана төленетіндігін мәлімдеді. Бұл туралы Tengrinews.kz сайты хабарлады. “Мысалы, мекeme қызметкөрінің тапқан табысы - оның енбекақысы, жеке көсіпкердің көсіпкерлік қызметтінен келген кіріс, жеке нотариустардың көрсеткен қызметтерінен түскен кіріс. Ал жеке немесе заңды түлғаларға өтемақылы

шарт (азаматтық-құқықтық шарт деп аталағын) негізінде қызметтің немесе жұмыстың белгілі бір түрін көрсететін азаматтар үшін - міндетті зейнетақы жарна сол жұмыс немесе қызметтің нәтижесінде тапқан табысынан төленеді (жеке мүлкін сатудан түскен ақшадан емес)”, - деді вице-министр. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңының 25-бабында былай делінген: “Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жағатын міндетті зейнетақы жарналары міндетті зейнетақы жарналарын есептей үшін алынатын ай сайынғы табыстың 10 пайзызы мөлшерінде белгіленді”. Был 14 шілдеде Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, азаматтық-құқықтық шарт бойынша табыс тауып отырган жеке тұлғалар адвокаттар, жеке сот орындаушылары, жеке нотариустар, көсіби медиаторлар, жеке көсіпкерлер сияқты табыстарынан өз есептеріне бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарнасын төлейді. Сонымен қатар, міндетті зейнетақы жарнасы төленетін кірістер, сондай-ақ, оларды төлеу ережесі мен мерзімдері, ұстап қалу (аудару) және міндетті зейнетақы жарнасын, міндетті көсіптік зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және төлету Ережелері мен есептей мерзімдері 2013 жылы 18 қазанды бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің қалыптың жобасын өзірледі, онда азаматтық-құқықтық шартпен табыс тауып отырган жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарнасын төлеу төртінші мен мерзімі қарастырылған. Жоба қазіргі таңда заңда халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Әлеуметтік қамсыздандыру міндеттегендегі өзгерістерге енгізу туралы” қаулысының жобасын өзірледі, онда азаматтық-құқықтық шартпен табыс тауып отырган жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарнасын төлеу төртінші мен мерзімі қарастырылған. Жоба қазіргі таңда заңда халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Әлеуметтік қамсыздандыру міндеттегендегі өзгерістерге енгізу туралы” қаулысының жобасын өзірледі, онда азаматтық-құқықтық шартпен табыс тауып отырган жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарнасын төлеу төртінші мен мерзімі қарастырылған. Жоба қазіргі таңда заңда халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Әлеуметтік қамсыздандыру міндеттегендегі өзгерістерге енгізу туралы” қаулысының жобасын өзірледі, онда азаматтық-құқықтық шартпен табыс тауып отырган жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарнасын төлеу төртінші мен мерзімі қарастырылған. Жоба қазіргі таңда заңда халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Әлеуметтік қамсыздандыру міндеттегендегі өзгерістерге енгізу туралы” қаулысының жобасын өзірледі, онда азаматтық-құқықтық шартпен табыс тауып отырган жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарнасын төлеу төртінші мен мерзімі қарастырылған. Жоба қазіргі таңда заңда халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Әлеуметтік қамсыздандыру міндеттегендегі өзгерістерге енгізу туралы” қаулысының жобасын өзірледі, онда азаматтық-құқықтық шартпен табыс тауып отырган жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарнасын төлеу төртінші мен мерзімі қарастырылған. Жоба қазіргі таңда заңда халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Әлеуметтік қамсыздандыру міндеттегендегі өзгерістерге енгізу туралы” қаулысының жобасын өзірледі, онда азаматтық-құқықтық шартпен табыс тауып отырган жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарнасын төлеу төртінші мен мерзімі қарастырылған. Жоба қазіргі таңда заңда халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметін



Суретте: "Жамбыл" кітабының түпнұсқасы
Москве 1938 жыл

баларын екінші рет басқанда шыгатын етіп істеуге болады. Ал ш мен ч өріптері диграфпен белгіленгендеңтін «sh», «ch» деп жазу үшін қосымша батырма қажет емес және жаңа жүйеге өту үшін жеті жыл уақыт керек екендігі көрсетілді.

Ал, 1927 жылдан бастап 1940 жылға дейін қолданылған латын өріпін біз бүгін үсынғалы отырмыз. Бұл 1938 жылы 22 сәуір күні 20000 данамен Мәскеуде басылып шыққан кітап жайында болмақ. Кітап үзақ жылдар бойы сақталған. 1 мен 32 беттер белгісіз себептермен жыртылып тасталған. Кітап «Жамбыл» деп аталады. Кітап оқырмандарын сол кездегі тарихқа үніліреді. Кітапта соғыс кезіндегі өлеңдер мен жырлар қамтылған. Бүгінде Латын өліпбіне көшу-

ҚАЗАҚСТАН ТОЙЫНДА

Үй тігін, ірге қалап бекінген.
Елімді сансыз жылдар
қоршап тұман,
Өмірінде азап шегін өкінген.
Советтің үкіметі көп жасасын!
Намысты жауымызға кетірмеді.
Болайық үкіметке кедей үйшікы,
Секілді, темір тіреу көпірдегі.
Жарқырап тұла бойды
шаттық кернеп,
Ажарым шырайланды бетімдегі.
Ағытқан бар арының арғымақтай
Қыырдан қия шауым лепіргені.
Сенімен туған елім біте қайнап,
Жан емен өнгіменің шетіндегі.
Сондықтан, бабаң

Ертеде тау тебіренте
төккен жыры,
Еліне Қазақстан желдей есіп
Жетті де, Сазына оның
қосылды ауыл
Сталин дәүірінде гүлдесіп.

Жайнаған қуанышты нұрлы өмірде
Грузиннің ұлы халқы күлімдесіп.

Келемін үшіп Кавказ асқарына,
Теңіздей бақыт берген астанага.
Жайнатып жылаганды жадыратып,
Ұшырған баулы қыранды аспанына.
Сталин халықтарды достастырған,
Мейірімді көріге де, жас балаға.

Сүңқардай тілеп үшіп
тауға жаңым,

ЛАТЫН ЭЛІПБІНЕ КӨШУ- БАТЫЛ ҚАДАМ

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңыру» бағдарламасы аясында жазылған мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын өліпбіне көшіру жүмыстарын бастауымыз керектігі айтылған.

«Біз бұл мәселені негұрлым дәйектілік қажеттілігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге төуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді Н.Назарбаев аталған бағдарламада.

1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық атқару комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары кенесінің Президиумы латындандырылған жаңа өліпбі «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын өліпбінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан-1940 жылға дейін қолданылды, кейіннен кириллицаға ауыстырылды. Ұлы дала елінің тарихына кез жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық - жер, екінші - тіл, үшіншісі - мемлекет және оның тарихи болу керектігі ақындарада. Осы орайда ағартушы педагог-ғалым А.Байтұрсынов айтып кеткендей: «Ұлттың сақталуы да, жоғалуына да себеп болатын нәрсениң ең қуаттысы - тіл» деген. Кешегі алаш қайраткерлері де латын өліпбінің жазу -сызуда қолданыды. Латын өліпбі негізінен өлемге көнінен қолданылады. Латын өліпбі біздің заманымыздан бұрын VII ғасырда Римге Грек және этрус өліпбінің тармاغы ретінде пайда болып б.з. I ғасырында қалыптасқан. Орта ғасырда латын өліпбі Европага көнінен тарады. Сол себептен Еуропа елдері екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қарқынды дамыды. Бүгінде еліміздің латын өліпбіне көшү мәселеі ел арасында қызу талқылануда және өлемнің БАҚ назарынан да тыс қалмады. Бұл түрғыда өлемге танымаған ВВС өкілдері былай дейді: «Былтыр Қазақстан латын өліпбіне көшү туралы шешім қабылдаған болатын, енді мемлекет өліпбі нұсқасына өзгертулер енгізді». ҚР Президенті Н.Назарбаев 2017 жылдың қазан айында қабылданған шешімге өзгеріс енгізу туралы жарлық шыгарып, халықтың қоңылінен шықпаған апосторовты өліпбиді өзгерти.

Былтырғы нұсқада 32 өріп болған еді. Соның 2 қатар кейір дыбыстарды таңбалау үшін апосторовтар қолданылды. Бірақ, халық бұл нұсқа жазумен оқыды киыннататынын айтып, қарсы шыққан соң, өліпбі нұсқасы өзгертилді. Жаңа нұсқада апосторовтар өріптің үстінен қойылатын таңбасымен алмастырылды.

Нақтылап айттар болсақ ө, ғ, ң, ө, ү өріптері бар батырмалар а, ғ, ң, օ, и таң-

еліміздің жарқын кемел болашағы. Осылайша латын өліпбіне көшे қалсақ, мынадай жетістіктеге қол жетеді:

біріншіден: қазақ тілінің басты үш дыбыстық заңы, атап айтқанда, бұны үндесетін заңы, дыбыс үндесетін заңы, ерін үндестік заңы бұзылудан сақталады; екіншіден; акцент пайдада болып, дұрыс интонация нығая бастайды;

үшіншіден: кірме лексика термин сөздер үндестік заңына бағынады.

төртіншіден: бірінші сыныптан бастап балалардың басын ауыртып келе жатқан, емлетанды қындық тұғызып жүрген, қазақ сөздеріне ешқашан дыбысталмайтын және болмайтын басы артық 16 өріптен құтыламыз;

бесіншіден: сөйлеу мәдениеті көтеріліп, орофоэпиялық нормалар орфографиялық нормаларды ығыстыра бастайды, соның негізінде зияткерлік ұлт негізі қалыптаста бастайды;

алтыншыдан: латын өліпбін менгеру ақпараттық қеңістікке шығуды жеңілдеді, яғни ғаламтор жүйесін халқымызға ана тілінде менгеруте жол ашады;

жетіншіден: басқа елде тұратын қандастарымызға ез тілінде ақпарат алуды женілдетеді;

сегізіншіден: елімізге келүші туристердің кез-келген ақпаратты алуға және адамдармен, қоғаммен байланыс жасауына жол ашады.

Латын өліпбін менгеру қынга түспейтіні анық, себебі бүгінгі ақпараттық байланыстар, хабарламалар үзілі телефондарды және де өлеуметтік желілерде де осы графикамен жазылуда. Елбасымыздың шешімін қолдап, оның ары қарай жүзеге асуына баршамыз үлес косуымыз қажет. Себебі, бүгінде кириллицаның аясы өзімен-өзі тарылыш, оның орнын ағылшын тілі басуда. Өйткені, ол өзінің қажеттілігін өлемде мойынданда білді. Латын өліпбінің де болашағы зор болатынына еш күмәніміз жоқ. Өйткені, латын өліпбіне көшү-батыл қадам болып табылады.

Сіздердің назарларыңызға 1938 жылы 22 сәуір күні 20000 данамен Мәскеуде латын өліпбімен басылып шыққан «Жамбыл» кітабындағы ақынның екі өлеңін кириллица өріпімен үсынып отырмыз.

Халықтың енді міне, жетілгені,
Құрыштың білінбейді кетілгені.
Атап Қазақстан ел бол туып,

Жамбыл әнге қосып,
Қырандаі қос қанатың серпілгені.



QAZAQSTAN TOJYNDА

Qaşyqtıq endi mine çetilgeni,
Qırqstıq bilinbejdі ketilgeni.
Atalıp Qazaqstan el vor tuvъr
Uj tigip, irge qalap bekilgeni.
Elimnin sansız çaldar qorcap tuman,
Ömіrіnde azaр cegip өkіngeni.
Sovettiq ukimeti kөр casassы!
Namystь չavtmyzoqta ketirmedi.
Bolajqıq ukimtke kedej ijtıq
Sekildi, temir tirev kөpirdегі,
Çaqrırap tula bojdь sattıq kerpər,
Açaqım cıraqjalandı betimdegi.
Aqaqtan vag aqypın aqçymaqtaj
Qıjsıdan qıja savyr lepřigeni,
Seni men tuvqan elim bite qajnar,
Can emen өngimeliç ceteindegi.
Sondıqtan, wavaq Çambul enge sıqdar,
Qırandaj qos qanatıq serpilgeni.

1924

¹ Çambul bul elenin Qazaqstan
respublikası bolqap tojynda, 24-сын
ajtan.

ҚАВКАЗГА СӘЛЕМ!

(Тбилисиде Шота Руставелидін
750 жылдығына арналған
ССРР Жазушылар Одағының
plennumынде оқылған олең)

Ақсақал Жамбыл келеді

жанаттанып,
Қиялтық қияға өрлөп қанаттанып,
Жазылып бүкіш белі құваттанып,
Тұған ел сәүліті мен санаттанып.

Қолға алып домбырасын

жаны жайнап,

Сталин дәүірінде талаптанып.

Жыл шырқап шарықтаған сағатында

Жыл арнап қанат

жанаттанып,

Жыл арнап қанаттанып,

Жыл арнап



Жоба

“ЖЫЛАГАН АТА” БҰЛАҒЫ МЕН ҮҢГІРІ -

Қасиетті Қазақстан картасына енген Түркістан облысындағы, «Жылаган ата» бұлагы мен үңгірі еліміздің ерекше бағаланатын табиги мұра ескерткішінің қатарында. Жалпы «Жылаган ата» тұралы не білеміз? Аңыздан тұратын әңгімеге қашалықты сенуге болады? Бұл жағы беймөлім. Дегенмен, Құран аяттарын оқығандаған сарқырай ағатын бұлақтың көрінісіне «Айғақ» телеарнасының түсірілім тобы қуә болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі ерекше ықыласымен атаган «Жылаган ата» бұлагы мен үңгірі Қарт Қаратрудың құнгей бетінен теріскеігей ойысар тұсында орын тепкен. Жету қызыры қынан таулы тасты мекеннен өз автокөлігінізben ету өрине, мүмкін емес. Түркістан қаласынан тұптура 87 шақырым қашақтықта жатқан қасиетті жерге тарихы өткен гасырлардан сыр шертертін Қарнақ ауылы арқылы өтіп, Үкаша ата кесенесінен 40 шақырымды дәл Қаратаямен беттейсіз. Бастаудың тау бөктерінен алатын Абай өзенін 20 шақты рет кесіп етуге тұра келеді. Өзенде жергілікті жүрт – «Жылаган ата» сүзы деп те айтады. Табигат Анаңың сыйға тартқан керемет көрінісі кез келген жанның жүргегінен жол табары

хақ. Далада 43 градус ыстықты көрсетіп тұрғанымен, тау маңайы құннің көзін жіберсін бе? Толқындағы аққан ағын су мөлдірлігімен ерекшеленсе, айналаны басқан тыныштық көңілінді тазалыққа тартады. Қаратай жоталарының көлеңкесі болса, әдеби кітаптардағы оқиғалардың желісіне арқау болған мекендерді көз алдыңа еріксіз әкеледі. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш» оқиғасындағы тау жартастары ма дерсің? Болмаса, Жүсіпбек Аймаутовтың «Ақбілек» романындағы Марқакөлдің күз бенен жартастағы оқиғасын бейнелегендей. Абай Құнанбаевтың «Қаранғы тұнде тау қалғып, Ұйқыга кетер балбырап, Дағаны жым-жырт дел сал гып,

Тұн басады салбырап», – өлеңінің табигатына үндес мекен бұл. Сол тыныштықты біздер мінген автокөліктің дыбысы жан-жағын дабырлата бұза жөнеліп, дөңгелегіне ілінген топырақты шаңдата жүйткіп келеді. Қөлік тізгініндегі Батырхан Ескермес болса, «Жылаган ата» аңызы тұралы аз-маз білгенімен бөлісіп өтуре. Зиярат ете келгендерді соңғы 5 жыл ішінде тасымалдан жүр. Мұнда жаздың жаймашуақ құнінде келмесеңіз,

жаңбырлы не қарлы құндері жету қынның қыны.

Асудан асар белдің қорқынышы бір бөлек. Біраз жерге келгенде 200 метрдей аралықты жаяу өтуізге тұра келеді. Әйткені, адам өміріне қауіп төнбеуі керек. Осылай деген жүргізуши біздерді межелі жолға әкелгенде, көліктен түсіріп, ойдым-ойдым таастардан әрі қарай өзі жүйткі шықты. Бір көрген жанға өрине, қорқынышты сөт. Бірақ, сол ойды иықтан сілки тастан әрі қарай, жүрісізді жалғастыруыңыз керек. Әйткені, алда «Жылаган ата» үңгірі тұр.

Жолай, қырқа жоғарысында орналасқан құдық – «Жылаган ата» аңызымен байланысты орын. Сондықтан, алғашқы дәмді осы судан таттық.

Құдық маңында екі бірдей 5-7 гасырларға тиесілі тас бетіне түскен бала табандың ізі жатыр. Багыт үңгірге қарай бет алады. Алғашқы 40 шақырымды артқа тастанған біздер ендігі үш шақырымды жаяу жүріп өтуіміз керек. Жалпы зиярат етіп келушілердің де жол қындығына қарамай қатарын сейілтпеуі бұл мекеннің ішіне бүккен сырның құдіреттілігін өйгілей түскендей. Әзірет Сұлтан тарихи-мәдени қорық мұра-

жайының директоры Нұрболат Ахметжанов пен археология бөлімінің менгешруші Бақытжан агалар біздің жолсерік. Осынау қасиетті мекенге табан тіреу – «Айғақ» телеарнасының түсірілім тобының негізгі маңаты болса, Рухани жаңғыру арқылы жалпы жүртқа таныстыру – басты міндегі. Сайманымызды сайлаған соң, бір адам гана сиятын жүргінші жолмен көрінісі көздің жауын алатын Қаратруды беттей жөнелдік.


Сонадайдан көрінген қыбыр осында келушілердің көптігін білдіртті. Шыракшының үйі де бар мұнда. Бұл жердің аңызы ерекше баланың жүрген орындарымен сипатталады. Бірақ, үңгір сарқырамасының құпиясын ешкім білмейді. Іштегі ниет пен тілектің қабыл болуын тілеген біздер алғашқы Құран оқылған сөтте, аздала абырап қалғанымыз жасырын емес. Әйткені, тастан құлаган суды көре алмадық. «Айғақ» телеарнасының бөлім редакторы Әділбай Тойшибетін Құран аяттарын жалғастыра оқыған екінші сөтте, жартастан сар-



көптеп тартуға мүмкіндік. Елбасы айтқандай, қасиеті қонған жеріміздің өрбір тасын тұртсек тарих.

Аңыз бойынша V-VII ғасырларда өмір сүрген Гұрзіхан (кей жазбаларда Құрышхан) деген бай кісі болады, бейбішесі Шашты Ана екеуі ұзақ жылдар сөби сүймейді. Сол кезең Орта Азияга ислам дінінің келе бастаған тұсы, Гұрзіхан дін жолына түсіп, ислам дінін ұстанып, Алладан жалбарынып бала сұрайды. Тілегі қабыл болып, Шашты Ананың бойына бала біткен күннен бастап, құлшылықта жақсылықты сұраумен болады. Уақыты жетіп, дүниеге келген нөресте мес болып туылады. Сол кезде Гұрзіханға Қыдыр ата аян беріп: «бұл қасиетті бала, құт- берекенің белгісі, месті жармандар, өзі уақыты келгенде шығады, өзірше көтеріп жүре беріндер» дейді. Аяңды қабыл алған ерлі-зайыптылар, бірақ уақыт көтеріп жүреді, бірақ бала не сөйлемейді, не күлмейді, не жыламайды. Месті көтеріп жүрген Шашты Ана Түркістан қаласына қарасты қазіргі

«біз мына дүниеде емес, ана дүниеде кездесеміз, мен үшін алаңдамаңыздар және арттарыңызға қарамаңыздар мен бар күшімді салып, сіздер жүрген жерді ырыс-ынтымақ пен жақсылық, қуанышқа бөлеймін» дейді. Амалы жоқ көнген ата-ана, мұңайып елге қайтып келе жатқанда, жолда «баламыздың жүзіне соңғы рет бір рет қарап қалайық, мүмкін артымыздан келе жатқан шыгар» деп, Есеккөл деген жерге келгенде, арттарына бұрылып қарайды, қараса арттарынан нұр болып ағып



ЕЛІМІЗДІҢ ЕРЕКШЕ БАҒАЛАНАТЫН ТАБИГИ МҰРА ЕСКЕРТКІШІ

Игілік ауылының маңына келгенде (Игілік ауылы «Жылаган ата» үңгіріне жақын елді мекен) ойнап отырған балаларды көріп, өзегін өкініш толады. Месті тұрып анасы: «сені қашанғы көтіріп жүреміз, не сөйлемейсің, не күлмейсің, не жыламайсың» деген кезде мес қолынан түсіп кетіп ішінен нұрлы жүзді, алтын айдарлы бала шығады. Бала мес-тен шыға сала, тауды беткейлеп қаша жөнеледі. Ата-анасы ізінен жүгіреді, бала қашып осы жаққа бағыт алады. Жол бойында ойнап отырып «артымнан әке-шешем шөлден келе жатыр гой» деп асатаяттымен жерді ұрып қалып, сол жерде құдық пайда болады. Ол асумен шыққан беттегі тау жазығындағы Тасқұдық. Бұл жерде келе жатқан жолаушы сөл аяңдап, судан дөм татпай кетпейді. Тасқұдық жанында тас бетінде қалған екі бірдей алтын айдарлы баланың аяның ізі бар.

Ал, «Жылаган ата» үңгіріне түсер тұста бала үлкен тасты асық қылып ойнап отырған делінген аңызда. Өкешешесі жеткен уақытта осы жерге бір аунайды да, содан әрі қарай жүгіріп кетеді. Үңгір түсінда «Ана жытыры» деген су шұңқыры бар, сол жерге барып ата-анасын күтеді. Ол жерге жеткен мезетте, үлкен үңгірдің ішіне кіріп кетеді де шықпай қояды. Гұрзіхан мен Шашты ана ба-лага жалынып-жалбарынып кешірім сұрайды. Сонда алтын айдарлы бала ата-анасына былай деп жауап қайтарады:



келе жатқан үлкен өзен жердің астына сізіп жоқ болып кетеді. Сол өзенің аяғы тек 5-6 шықырым жүргеннен кейін қайта шығады, бірақ ол жағын толығырақ ешкім біле бермейді.

Тәжірибелі имамның Құран багыштауымен айналасы 3



сағаттың ішінде 4 рет судың агуының күөгері болдық. Кейде 1-2 күнделеп ақпай қалуы да мүмкін дейді, көз көргендер. Иә, мұнда келіп жатқан зияратшылардың туристердің кейде осы жерде сарқыраманың агуын тосып күнделеп, апталап жататындары бар көрінеді.

Бойдагы ерік-жігер қасиетті Құран аяттарынан қуат алып, көңілімізді нұрга бөлей түсті. Елімізде ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткішінің маңыздылығын аша түсken түсірілім көрерменге «Раждайып Түркістан облысы» бағдарламасы арқылы толыққанды жеткізілетін болады. Әлеуметтік желі қолданушысы блогер Абай Андабаев Елбасы үлкен жиында ерекше атаган қасиетті мекеннің бұл кереметін барша

әлемге паш етуіміз тиіс, деп біледі.

Геологиялық тұрғыдан қарасақ, қарт Қаратаяудың бауыры химиялық элементтерге бай. Кеңестік кезеңде мұнда, болат та, қорғасын да, мырыш та, алтын да өндірілді. Бүгінгі күнде «Қазфосфат» өнімін алатын фосфордың көзі. «Жылаган ата» бұлагы мен үңгірін ұлылармен байланыстырасқ, жазушы Мұхтар Әуезовтің бабаларының күт мекені болған жер. Өйткені, аргы атасы Әуез әулеті Қарнақта тұрып, осы мекенді жаз жайлауы еткен. Рухани жаңғырумен бойымызға тараган үлттық құндылықтарды дәріптеу жолында бір күнімізді осынау қасиетті қонған өлкеге арнадық. Сондықтан, жалқаулық пен меммендікті алдыңыздан ада етсеңіз, осынау игіліктер бойызыға рухани азық болып жайылары сөзсіз.

Салтанат ТОЙБОЛОВА.

-«Дүние уақыт. Сен оны өзіңе багындыра біл!»-Мұхаммед пайғамбар.

Откен кездерім ойыма оралды.

Мен 1983 жылы көктем айында Ленгерден Шымкент қаласына көшпіл келдім.

1984 жылы қаладағы «Октябрь» кинотеатрына директор болып еңбек еттім. «Женіс» саябағында жазғы кинотеатр бар болатын. Ол да маган қарайды. Ол кезде Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров, халық депутаттары Шымкент облысында атқару кеңесінің төрагасы Санжар Оразұлы Жандосов болатын.

Санжар Оразұлының үйіне бардым. Эйелі Ильфа Илиясқызы Жансұгирова, баласы Кенен үшеуі кешкі ас ішіп отыр екен.

-Ильфа! Үйге кинотеатр «Октябрьдің су жаңа директоры келді!»-деп Санжар Оразұлы қуанышп сейледі.

-Шымкент гажап қала. Сүйкімді қала.

Тарихи қала. Осы қалада тұрган сен бақыттысың. Орта Азияның кіндік қаласы осы Шымкент. Сен Қытай саяхатшы

Орталығы Түркістан қаласы.

Шымкент қаласын басқару Фабидолла Әбдірахымовтың қолына тиді...

Бөлме ішінде ойга беріліп отырмын.

Көз алдыма Асанбай Асқаров пен Асқар Исабекұлы Мырзахметов елес бедреді. Шымкент қаласының өркендеуіне зор үлестерін қосқан екі тұлға.

А.Асқаровтың тұсында қалада үш аудан бар еді.

Асқар Мырзахметов төртінші Қаратай ауданын ашты. Бұл тарихи жаңалық болды.

Мен осы оқигалардың қуәгерімін. Берін қағазға түсіріп отырмын.

